

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестациялау бойынша әдістемелік нұсқау		16 беттің 1 беті

Тәжірибелік дағдыларды аттестациялау бойынша Әдістемелік нұсқау

Білім беру бағдарламасы: 6В10113 «Педиатрия»

Пән: «Неонатология»


Оқытылатын курс пен семестр: 6- курс, XI семестр


Шымкент 2025 ж

Ү 408-01-02-2024. тәжірибелік дағдыларды аттестациялау бойынша әдістемелік нұсқау

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		16 беттің 2 беті

1. Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік нұсқаулық кафедра мәжілісінде каралды.

Құрастырушы:  ассистент А.Е.Төлеуова

Кафедра меңгерушісі:  PhD, қауымд.проф.Кемельбеков К.С.

Хаттама № 2 Күні 25. 09. 25

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		38 / 11 16 беттің 3 беті

1. Кіріспе.

6 курс Педиатрия мамандығы интерндеріне «Неонотология» пәні бойынша жаңа туылған нәрестелердің әр түрлі ағзалар мен жүйелердің зақымдалуының негізгі синдромдарын анықтайтын патоморфологиялық және патофизиологиялық өзгерістерінің түсінігі қалыптасып, науқасты қарау бойынша негізгі клиникалық дағдылар дамиды. «Неонотология» пәнінен тәжірибелік дағдыларды аттестаттауды тапсырушылардың жаңа туылған нәрестені қарауды, зондпен тамақтандыруды, нәрестелерге өкпе жүрек реанимациясын жүргізуді, төспен емізудің ережелері дағдыларында клиникалық құзыреттіліктерін бағалауға сенімді мүмкіндік береді.

Пән нәрестелерге патология кезінде диагностиканың заманауи әдістерін меңгеруді, фармакодинамика және фармакокинетика ерекшеліктерімен ағзаға дәрілік заттардың әсер ету механизмдерін түсінуді, стационарлық және амбулаторлық ем жүргізу.


2. Емтихан тапсырушыға мәлімет

- Емтихан алдында барлық білім алушыларға нөмірі көрсетілген бейджи, шифры бар қорытынды аттестациялық парағы беріледі.
- Білім алушы шифр нөмірін білуі қажет.
- Емтихан басталуы ысқырықтан кейін басталады.
- Тапсырманың орындалу жағдайына байланыссыз білім алушытердің келесі кезеңге өтуі ысқырықтан кейін басталады.
- Білім алушы емтихан қабылдаушыға сұрақ қоюға құқы жоқ.

3. Емтихан қабылдаушыларға мәлімет

- Әр емтихан қабылдаушыға емтихан біткенше жауап беретін кезең бекітіледі,
- Емтихан қабылдаушы бағалау парағына білім алушытің бейдж нөмірін енгізіп, білім алушытің тапсырма орындауын адал, мұқият қадағалауы керек.(қ.9)
- Емтихан қабылдаушы білім алушытің тапсырма орындауын бағалау парағында көрсетілген әрбір кадамды машықты дағдыларды кадам бойынша орындауда емтихан тапсырушының іс әрекетін балдық бағалау критерилері бойынша бағалап, білім алушытің тапсырма орындау барысында балдарын қойып отыруы қажет.(қ.8)
 - Емтихан қабылдаушы қорытынды балды есептеп «Қорытынды аттестациялық паракка» (қ.9) енгізіп, қол таңбасын қойып білім алушы қолына тапсырады.
 - Емтихан қабылдаушының білім алушыпен сөйлесіп, оған сұрақтар қоюға құқы жоқ.
 - Емтихан қабылдаушы өз станциясынан өткен барлық білім алушытің бағалау парағындағы балын есептеп, бағасын қойып, бағалау парағын хатшыға тапсыруы қажет.
 - Әр білім алушы бойынша емтиханның қорытынды бағасын шығарғанда емтихан қабылдаушы қатысуы қажет.

4. Кезендердің реттілігінің схемасы



ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		16 беттің 5 беті

5. Тәжірибелік дағдыларды аттестациялауға арналған тапсырмалар тізімі

Кезең №	Емтихан тапсырушыға арналған тапсырмалар	Макс. балл	Уақыт (мин.)
1	Жаңа туылған нәрестені зондпен тамақтандыру	20,0	4
2	Апгар шкаласы бойынша баға беру	20,0	4
3	Учаскелік педиатрдың іс-қимыл алгоритмі жаңа туған балаға алғашқы патронаж жүргізу	20,0	4
4	Жаңа туған нәрестелердің физиологиялық рефлексдерін бағалау	20,0	4
5	Баланы көкрекпен емізудің ережелері мен техникалары. 4:3:4 техникасы.	20,0	4
6	Сильверман шкаласы бойынша тыныс алу бұзылыстарын бағалау.	20,0	4

6. Тәжірибелік дағдыларды аттестациялау үшін қажетті жабдықтардың, құралдардың және құжаттамалардың тізімі

Кезең №	Кезеңдердің атауы	Қажетті құрал-жабдықтар
1	Жаңа туылған нәрестені зондпен тамақтандыру	Емтихан алушыға арналған папка, залалсыздандырылған жіңішке асқазандық зонд, глицерин немесе вазелин, салфеткалар, емшек сүті немесе 3-4 стакан тағам, фонендоскоп, шприц (20 мл немесе Жане шприці), қолғап, маркер, лейкопластырь.
2	Апгар шкаласы бойынша баға беру	фонендоскоп/стетоскоп, залалсыздандырылған қолғап, секундомер, жөргек.
3	Учаскелік педиатрдың іс-қимыл алгоритмі жаңа туған балаға алғашқы патронаж жүргізу	фонендоскоп/стетоскоп, сағат немесе секундомер, қол шам (фонарик), сантиметрлік лента.
4	Жаңа туған нәрестелердің физиологиялық рефлексдерін бағалау	қолғап, мақта, жаялық.
5	Баланы көкрекпен емізудің ережелері мен техникалары. 4:3:4 техникасы.	нәресте манекені
6	Сильверман шкаласы бойынша тыныс алу бұзылыстарын бағалау.	нәресте манекені

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		16 беттің 6 беті

**7. Тәжірибелік дағдыларды қадамдық орындау кезінде
емтихан тапсырушының іс-әрекеттерін баллдық бағалау критерийлері**

**КЕЗЕҢ №1
Жаңа туылған нәрестені зондпен тамақтандыру**

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орындалды 100%	Толық орындалмады 50%	Орындалмады 0%
1.	Наукаспен сенімді қатынас орнатты, процедураны түсіндірді. Керек жабдықтар дайындады: залалсыздандырылған жіңішке асқазандық зонд, глицерин немесе вазелин, салфеткалар, емшек сүті немесе 3-4 стакан тағам, фонендоскоп, шприц (20 мл немесе Жане шприці), қолғап, маркер, лейкопластырь.		1,0	0,5	0,0
2.	Қолды ұқыптылықпен жуып, кептіріп қолғапты киді. Зондтың ұшын баланың мұрын негізіне қойып, мұрнынан құлағына дейін, одан семсер тәрізді өсіндіге дейін өлшеді. Маркермен зондқа белгі салды. Баланы бүйірімен жатқызды. Зондтың ұшын оң қолымен алып, оны глицеринге (вазелин) батырды.		3,0	1,5	0,0
3.	Зондты жайлап төменгі мұрын жолымен (немесе ауыз арқылы) мұрын жұтқыншақ жолына енгізді. Нәрестенің басын алға қарай еңкейтіп, зондты жұтқыншақтың артқы қабырғасына қыса, зондты белгіге дейін асқазанға енгізді. Зондқа шприцпен ауа жіберіп, іштің эпигастр аймағында фонендоскоппен тыңдап тексерді (зонд асқазанда болса, ауаны естуге болады).		6,0	3,0	0,0
4.	Зонд қойылған соң, оның бос ұшына 20 мл шприц кигізіп, жылытылған сүтті (тағамды) аз порциямен енгізді (20-30мл). Зондты шприцтен ажыратып, тығынмен бітті. Зондты баланың бетіне лейкопластырмен бекітті.		6,0	3,0	0,0
5.	Қолғапты шешіп, қолын жуып, кептірді		1,0	0,5	0,0

Кезеңдегі ең жоғары балл-20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		16 беттің 7 беті

КЕЗЕҢ №2
Апгар шкаласы бойынша баға беру

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы к орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Наукаспен сенімді қатынас орнату, процедураны түсіндіру. Керек жабдықтар дайындады: фонендоскоп/стетоскоп, секундомер, залалсыздандырылған қолғап, жөргек.		1,0	0,5	0,0
2.	Құрғақ, жылы орағышқа нәрестені сүртіп, кептіріп орады. Ылғалды жөргегін құрғақ жөргекке ауыстырды. Апгар шкаласының 5 критерий бойынша бағалауды бастады (бағалау алғашқы 1-5 минутында жүргізіледі).		3,0	1,5	0,0
3.	Табиғи жарықта баланың тері жамылғысының түсіне баға берді: -тері жамылғысы бозарған немесе цианоз - 0 балл; -тұлғасы және кеуде қуысы қызғылт, қол-аяғы цианоз (акроцианоз) - 1 балл; тұлғасы, кеуде қуысы және қол-аяғы қызғылт - 2 балл. Стетоскоптың көмегімен жүректің жиырылу жиілігін анықтаңыз, нәтижесін 10-ға көбейтіңіз: -жүректің соғу жоқ - 0 балл; -жүректің соғу жиілігі минутына 100 реттен кем - 1 балл; жүректің соғу жиілігі минутына 100 реттен артық - 2 балл.		6,0	3,0	0,0
4.	Тыныс алу жиілігін кеуде экскурсиясына қарап санады: -тыныс алуы жоқ - 0 балл; -тыныс алу ретті емес, айқай әлсіз (гиповентиляция) - 1 балл; тыныс алу жиілігі минутына 40-60 рет, айқай жанды - 2 балл. Рефлекторлық қозғыштықты (дәрігердің қарау кезіндегі дауысына, жанасуына, түрлі дыбыстарға, жарыққа, қоршаған ортаның температурасының өзгеруіне байланысты нәрестеде пайда болған реакциясы) анықтады: -реакциясы жоқ - 0 балл; -реакциясы төмен - 1 балл;		6,0	3,0	0,0

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		16 беттің 8 беті

	қалыпты жағдайда айғайы айқын, мұрын қуысын тітіркендіргенде түшкіру және жөтелу реакциялары байқалады - 2 балл; Бұлшықеттер тонусын анықтады: -тонусы жоқ - 0 балл; -тонусы төмен - 1 балл; қалыпты жағдайда тонусы жақсы, флексия позасында (эмбрион позасында) – 2 балл.				
5.	АПГАР шкаласы бойынша баға берді және қорытынды жасады: 8-10 балл –дені сау бала. 7 балл – белсенділігі төмендеген, әр 5 минут сайын қосымша Апгар межесімен бағалау (өмірінің алғашқы 20 минутында). 4-6 балл- орташа ауырлықтағы асфиксия (5 минуттан кейін дені сау балаға тән белгілер байқалады). 0-3 балл- ауыр дәрежедегі асфиксия (нәрестені тірілту шаралары мен интенсивті емдеу жүргізу көрсеткіші). Нәрестені дұрыс бағалап, қолғапты шешіп, қолын жуып, кептірді		1,0	0,5	0,0

Кезеңдегі ең жоғары балл-20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

КЕЗЕҢ №3

Учаскелік педиатрдың іс-қимыл алгоритмі жаңа туған балаға алғашқы патронаж жүргізу

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы к орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Анасына өзін таныстырып, сенімді қарым қатынас орнатып, мән жайды түсіндірді. Анасынан анамнез сұрап, толық сұрастыру жүргізді. Анасынан рұқсатымен жалпы қарауды бастады.		1,0	0,5	0,0
2.	Қолды ұқыптылықпен жуып, кептіріп қолғапты киді. Қауіп белгілерінің болуын немесе болмауын анықтады. Баланың жағдайы мен әл-ауқатын бағалап, баланың дене температурасын өлшеді. Балада көрінетін туа біткен ақаулардың болуын тексерді. Теріні және көрінетін шырышты қабықтарды тексерді - тері		3,0	1,5	0,0

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		16 беттің 9 беті

	тургорын, тері қатпарының реакциясын бағалады (дегидратация белгілері бар ма) - терінің түсін бағалап (сарғаю, бозару, цианоз) - ісінудің болуын анықтады - перифериялық лимфа түйіндерін, сүт бездерін пальпациялап - құлақтан ірінді ағу бар-жоғын тексерді - көздің конъюнктивасын тексерді, көзден ағып кету, жырытылу - кіндік жарасын тексерді (қысқыштағы кіндік).				
3.	Тірек-қимыл жүйесін тексерді - бастың пішінін, бас сүйегінің тігістерін, бас сүйегінің сүйектерін, үлкен және кіші фонтанельдің өлшемдерін бағалады - буындарды қарап, қозғалыс көлемін, мөлшерін, симметриясын бағалады - иық плексусына зақым келгенін тексерді - сыну үшін клавикуланың тұтастығын тексерді - аяқ-қолдың, магистральдың бұлшықет тонусын, бұлшықет тонусының симметриясын бағалады - баланың қозғалыс белсенділігін, аяқ-қолдың иілу және экстензорлық бұлшықеттеріне төзімділігін бағалады - іштің алдыңғы қабырғасының бұлшық еттерінің жағдайын, жарықтың (грыжаның) болуын бағалау.		6,0	3,0	0,0
4.	Тыныс алу мүшелерін объективті түрде зерттеу - ТАЖ анықтады (әдетте минутына 30-60) - кеуде қуысының пішінін, тыныс алу актісіне көмекші бұлшықеттердің қатысуын, кеуде қуысының тартылуының болуын, тыныс алу сипатын анықтады - мұрынның тыныс алуын бағалап, жұтқыншақ пен ауыз қуысын тексерді - пальпация, перкуссия, өкпе аускультациясын жүргізді. ЖЖЖ анықтады. Жүрек аускультациясын жүргізді.		6,0	3,0	0,0
5.	Ас қорыту мүшелерін объективті түрде зерттеді - ауыз қуысын тексерді (тіл, ауыз қуысының шырышты қабаты) - іш аймағын тексерді, пальпация жасап, нәжістің сипатын, оның жиілігін, түсін, қоспалардың болуын анықтады. Несеп-жыныс жүйенің мүшелерін объективті түрде зерттеу - жарықтың (грыжаның), жыныстық белгілері бар-жоғын көзбен шолып тексерді - балада зәр шығару жиілігін анықтады (әдетте күніне кемінде 10 рет.) Қолғапты шешіп, қолын жуып, кептірді.		1,0	0,5	0,0

Кезеңдегі ең жоғары балл-20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		16 беттің 10 беті

КЕЗЕҢ №4
Жаңа туған нәрестелердің физиологиялық рефлекстерін бағалау

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы к орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Науқаспен сенімді қатынас орнатып, процедураны түсіндірді. Керек жабдықтар дайындады: қолғап, мақта, жаялық. Қолын жуды.		1,0	0,5	0,0
2.	Рефлексстерді тексеруді бастады. Алақан-ауыз рефлексі (Бабкин рефлексі) - үлкен саусақпен жаңа туған баланың алақанына басты. Сол сәтте бала ауызын ашып, басын иеді (бұл бейнеліс екі айдан кейін әлсіреп 3 айға таман жоқ болып кетеді). Іздеу рефлексі (Куссмауль) - еріннің жан-жағын сипады. Сол кезде ерін бұрышы төмен түсіп, басын сипаған жаққа бұрып, ернімен емшек іздегендей қимыл жасайды (1 жасқа дейін сақталады).		3,0	1,5	0,0
3.	Сору рефлексі - баланың ерніне мақта, емізік немесе саусағыңызды ақырындап тигізді. Сору қимылдары пайда болады (1 жасқа дейін сақталады). Моро рефлексі - бала жатқан жерді басынан 15-20 см қашықтықта ұрғылады немесе баланы қолға алып, жылдам төмен түсіріп, қайтадан бұрынғы орынға әкелді. Бұндай әсерлерге жауап ретінде бала әуелі екі қолын екі жаққа жайып жібереді. Содан соң тез қайтадан орнына әкеліп, құшақтау тәрізді қимыл жасады (бұл белгілер 4 айға дейін сақталады). Тіреу рефлексі - сұқ саусақтармен баланы 2 қолтығының астынан арқа жағынан ұстап көтерді, ары қарай табанын жерге тигізді. Сол кезде бала аяқтарын бүгіп, жинап алады. 2 сатысында табанымен жер басып, денесін түзеп, аяғын жерге тіреп алады (1-1,5 айға дейін физиологиялық болып есептелінеді). Автоматты жүру рефлексі - баланы тіреу бейнелісі пайда болатындай етіп ұстап, жайлап алдына қарай еңкейтті. Аяқтарын кезек көтеріп, жүріс қимылдарын жасайды (1-1,5 айға дейін физиологиялық болып		6,0	3,0	0,0

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		16 беттің 11 беті

	есептелінеді).				
4.	Ұстау рефлексі - саусақтарын баланың алақанына салып, басты. Ұстау қимылы пайда болады (2-4 айларда жойылып кетеді). Еңбектеу рефлексі - баланы ет бетінен жатқызды, табанына алақаныңызды тигізіп басты. Бала алға ұмтылып, колдарымен қимылдай бастайды (4 айға дейін сақталады). Бабинский рефлексі - баланы табанының сыртқы жиегімен өкшеден бармақтарға қарап сызып тітіркендірді. Үлкен башпайы жазылады, басқа саусақтары желпуіш тәрізді бүгіледі (1 жасқа дейін сақталады). Кернинг рефлексі - шалқасынан жатқан баланың бір аяғын ұршық және тізе буындарында бүгті. Содан соң, тізе буынынан қозғалтпай ұстап тұрып, екінші қолымен өкшесінен ұстап, жайлап балтырын тікейтіп жазуға бағыштаған қимыл жасады. Буындары толық жазылмайды (4 айға дейін сақталады).		6,0	3,0	0,0
5.	Перес рефлексі - етпетінен жатқан баланы сегізкөзінен бастап мойнына қарай омыртқаның жоталы өсіндісінің бойымен саусағымен жүргізді. Баланың денесі иіліп, аяқ колдары бүгіліп, басы жоғарыға көтеріледі. Зәрі мен нәжісі жүріп, дауысы шығады. Бұл рефлекс жасау барысында сәбиде ауырсыну пайда болады. Қабу рефлексі - ерінге саусақпен жайлап ұрғалады. Сол кезде баланың еріндері шошайып, ашылады. Рефлексстерді толық көрсетіп бағалады.		1,0	0,5	0,0

Кезеңдегі ең жоғары балл-20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

КЕЗЕҢ №5

Баланы көкірекпен емізудің ережелері мен техникалары. 4:3:4 техникасы.

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы қ орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Науқаспен сенімді қатынас орнатты, қолын		1,0	0,5	0,0

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		16 беттің 12 беті

	ұқыптылықпен жуды, кептіріп, қолғапты киді. Анасына төспен емізудің ережелерін, қағидаларын түсіндіріп айтты.				
2.	1 Қадам: Емізу практикасына қатысты жазбаша түрде жазылған саясат болуы және оны үнемі медициналық мекеменің барлық қызметкерлеріне жеткізу. 2 Қадам: Барлық медициналық қызметкерлерді осы саясатты жүзеге асыру үшін қажетті дағдыларға үйрету. 3 Қадам: Барлық жүкті әйелдерді емшек сүтімен емізудің артықшылықтары мен әдістері туралы ақпараттандыру. 4 Қадам: Аналарға босанғаннан кейінгі алғашқы жарты сағат ішінде емізуді бастауға көмектесу. 5 Қадам: Аналарға нәрестелерінен бөлек болған жағдайда да, қалай емізу керектігін және лактацияны қалай сақтау керектігін көрсету.	3,0	1,5	0,0	
3.	6 Қадам: Медициналық көрсетілімдерден басқа нәрестелерге емшек сүтінен басқа тамақ немесе сусын бермеу. 7 Қадам: Ана мен баланың бір палатада тәулігіне 24 сағат тәулік бойы бірге болуын тәжірибеге енгізу. 8 Қадам: Кесте бойынша емес, баланың талабы бойынша емізуге ынталандыру. 9 Қадам: Емшек сүтімен қоректенетін нәрестелерге кеудеге еліктейтін немесе тыныштандыратын жасанды құралдар бермеу. 10 Қадам: "Аналарға қолдау көрсету топтарын" құруды ынталандыру және аналарды ауруханадан шыққаннан кейін, сенімділік пен ұзақ уақыт емізу үшін осы топтарға бағыттау..	6,0	3,0	0,0	
4.	Жаңа туған сәбиі бар аналар баланы емізу кезінде баланы дұрыс ұстаудың 4-3-4 ережесін көрсетті. 1.Сәбидің басы мен денесі тік, бір жазықта ұстаңыз. 2.Сәбидің бетін анасының кеудесіне қаратып, мұрны ұшының деңгейінде болу керек. 3.Сәбидің денесі анасының денесіне түйістірулі болу керек. 4. Анасы тек мойны мен иығын ғана емес, сәбидің бүкіл денесін ұстап отырады. 1.Сәбидің ерніне емшектің ұшын тигізіңіз. 2.Сәбидің аузын барынша ашқанын күтіңіз. 3. Емшекті шез сәбидің аузына апарыңыз.	6,0	3,0	0,0	
5.	Бағалады: 1.Сәбидің иегі емшекке тиіп тұрады. 2. Сәбидің аузы барынша ашық. 3. Астыңғы еріні сыртқа шығыңқы болады. 4. Емшектің басым бөлігі астынан емес, үстіне көрініп тұру керек.	1,0	0,5	0,0	

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		16 беттің 13 беті

Кезеңдегі ең жоғары балл- 20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

№6 КЕЗЕҢ

Сильверман шкаласы бойынша тыныс алу бұзылыстарын бағалау.

№	Қадамды бағалау критерийлері	Баға			
		Балл	Орын далды 100%	Толы қ орын далма ды 50%	Орын далма ды 0%
1.	Анасына өзін таныстырып, сенімді қарым қатынас орнатып, мән жайды түсіндірді. Анасынан анамнез сұрап, толық сұрастыру жүргізді.		1,0	0,5	0,0
2.	Баланың жалпы жағдайын арнайы критерии бойынша бағалады. Тыныс алу әрекетін көзбен және тыңдау арқылы бағалады Кеуде мен іштің қозғалысын бақылады Супрастерналды және қабырғааралық тартылу бар-жоғын қарады. Мұрын желбезектерінің қозғалысына назар аударды Экспираторлық еңтігу тыңдады		3,0	1,5	0,0
3.	а/Кеуде мен іштің қозғалысы егер қалыпты, бірге қозғалады 0 балл, ал кеуде қимылдап аздау болса 1 балл, ал іш қозғалады, кеуде тартылған болса 2 балл. б/супрастрейальды тарылу жоқ болса 0, әлсіз болса -1 балл, айқын болса 2 балл. с/ Қабырғараалық тарылуды тексеру, 0-жоқ, 1 –әлсіз, 2-айқын. д/мұрын желбезектерінің қозғалысы 0-жоқ, 1 –әлсіз, 2 –айқын. е/Экспираторлық еңтігу 0-жоқ, 1-стетоскоп естіледі. 2-кұлақпен естіледі.		6,0	3,0	0,0
4.	Әр белгі бойынша 0-ден 2 балл аралығында бағаланады. Барлық белгілер бойынша баллдар қосылады: 0 балл — тыныс алу бұзылысы жоқ. 1–3 балл — жеңіл тыныс алу бұзылысы. 4–6 балл — орташа ауырлықтағы тыныс алу бұзылысы. 7–10 балл — ауыр тыныс алу бұзылысы (шұғыл медициналық көмек қажет).		6,0	3,0	0,0

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия-1 кафедрасы		38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар		16 беттің 14 беті

5.	Нәрестені дұрыс бағалап, қолғапты шешіп, қолын жуып, кептірді.		1,0	0,5	0,0
----	--	--	-----	-----	-----

Кезеңдегі ең жоғары балл- 20,0 балл.

Өту баллы – 10,0 балл

Тапсырманы орындауға бөлінген уақыт-4 минут.

8. Тәжірибелік дағдыларды қадамдық және жиынтық бағалаудың ЕМТИХАН ПАРАҒЫ

Кезең № _____

Емтихан қабылдаушы _____

« _____ » _____ 20__ ж.

№	Шифр	Кезең қадамдары					Жалпы балл	Емтихан қабылдаушының қолы
		1	2	3	4	5		

9. Емтихан тапсырушының жиынтық аттестациялау парағы

ШИФР _____

« _____ » _____ 20__ г.

Кезең бойынша қойылған балл	Жалпы балы			%	Бағасы
	1	2	3		
Емтихан қабылдаушының қолы					

Каф.менгерушісі

PhD, қауымд.проф. К.С.Кемельбеков

Ү 408-01-02-2024. тәжірибелік дағдыларды аттестациялау бойынша әдістемелік нұсқау

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Педиатрия-1 кафедрасы	38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар	16 беттің 15 беті

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Педиатрия-1 кафедрасы	38 / 11
Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар	16 беттің 16 беті